

ЖОЛДАУ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ 02	ҒЫЛЫМ/ БІЛІМ ОДАҚ МҮШЕЛІГІНЕ ҚАБЫЛДАНДЫ 02	ОҚУ/ БІЛІМ ДИСПЕТЧЕР ҰЛБОСЫН 03	ӨНЕР/ БІЛІМ БІЛІМ ҚӨКЖИЕКТЕРІҢІЗДІ КЕҢЕЙТІҢІЗ 08
---	--	---	--

БРИФ-ХАБАР

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Жолдауда еліміздің дамуы бойынша барлық саланы қамтитын нақты әрі маңызды міндеттер белгіленгенін жан-жақты айтты. Сол бағыттарды негізге ала отырып, институттың барлық құрылымдық бөлімдерінде атқарылатын іс-шара жоспарлары түзіліп, іске асырылатындығын жеткізді.

» 02

МАҚСАТЫМЫЗ - БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ

Сондықтан да барынша қабілетті мамандар даярлауға ұмтылудамыз. Саусақ бірікпей ине ілікпейді деген бар. Бірігіп, бірлесіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, Жолдаудың жүзеге асырылуына ат салысуымыз керек. Сонда ғана дамыған елдердің қатарынан табыламыз. Еліміздің дамуына үлес қосу әр қазақстандықтың міндеті.

» 04

ҚАЙДА ЖҮРСЕМ ДЕ ҚАЗАҚПЫН

Ал оқу орнымызда топ болып таңдайды. Америкаға барғанда дәл осы жүйе бойынша жұмыс істедім. Олардың ерекшелігі студенттік топ деген жоқ. Мысалы, профессор Жұмановтың класы деп бөлінеді. Менің сабағымнан шыққан соң, басқа құраммен басқа профессордың класы болып таңдаған пәндеріне кіреді. Әр студент өзі таңдаған пәнді оқитын болса, қызығушылығы артады.

» 03

«ШӘКІРТАҚЫ 2000 ТЕҢГЕ БОЛАТЫН»

Біз оқуға түскен жылы шәкіртақы 2000 теңге болатын. Кейін 3000 теңгеге көтерілді. Бұл қаржы 1998-2002 жылдары тәп-тәуір ақша саналатын. Қалам қағазымызға жететін. Егерде үштік баға алсаң бітті, шәкіртақы да ала алмайсың. Бұл жағында ескеріп, сабақтан қалмайтынбыз. Кітапханадан шықпайтынбыз.

» 03

ИСЛАМ ЖӘНЕ ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТИ

Таяуда университетте «Ислам және ұлы дала өркениеті» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен өткен шараға имамдар, теолог-ғалымдар, дін қызметкерлері қатысты.



ҚМБД төрағасы, бас мүфти С.Ораз жиынды жүргізіп отырды. ОҚО әкімінің бірінші орынбасары Ә.Өсербаев, мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры А.Әбуов, университетіміздің I вице-президенті М.Куталмыш, облыстық мәслихат депутаты Ә.Досболов, Түркістан қаласы ақсақалдар алқасының төрағасы Ж.Әзіретбергенов құттықтау

сөз сөйледі. Ректор өкілі, профессор М.Куталмыш бас мүфти С.Оразды «Ясауи» төсбелгісімен марапаттады. Пленарлық мәжілісте бас мүфти С.Ораз «Ұлы дала төсіндегі Ислам», ҚР ҰҒА –ның корреспондент мүшесі Б.Көмеков «Ислам және дала өркениеті», оқу ордамыздағы «Ясауи» ғылыми зерттеу орталығының директоры, профессор Д.Кенжетай «Түркі ислам өркениетіндегі Ясауи ілімінің орны» тақырыбында баяндама жасады. Конференция «Ислам дінінің төл тарихымыздағы рөлі», «Қазақстандағы ислам: бағыдан бағыт, болашаққа бағдар» тақырыбындағы секциялармен жалғасын тапты.

ЯУ-ақпарат

ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ АҚШ-ҚА РЕСМИ САПАРЫ ЖАС ҒАЛЫМДАР КӨЗІМЕН

Жуырда Ғылым және инновация департаменті мен Халықаралық қатынастар кафедрасының ұйытқы болуымен «Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары: мақсаттары және басымдықтары» атты семинар өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев үстіміздегі жылдың 16-18 қаңтарында Америка Құрама Штаттарына ресми сапармен барған болатын. Елбасымыз АҚШ президенті Дональд Трамппен кездесіп, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің отырысына қатысып, ресми және іскерлік қауымдастық өкілдерімен кездесу өткізді. Ғылым және инновациялық істер жөніндегі проректоры Т. Раимбердиев Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа сапары стратегиялық

серіктестіктің жаңа кезеңіне бағытталған сапар екенін айтты.

«Халықаралық қатынастар» кафедрасының меңгерушісі Е. Батмаз Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынастарының бүгінгі жағдайы туралы баяндады. «Халықаралық қатынастар» кафедрасының оқытушылары PhD докторлар А.Әмірбек «С5+1» форматы және Қазақстан-АҚШ қатынастары», М.Аңламасова «Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі төрағалығы», Қ.Ыдырыс «Қазақстан және аймақтық қауіпсіздік мәселелері» жайында баяндама жасады.

ЯУ-ақпарат

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨРІСІ



Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік бағыт ұстанған мемлекет ретінде көрсетіп келеді. Кешегі қазақ хандары билік құрған заманда би-шешендердің

алатын орны, мемлекеттік құқық пен ел басқаруға қосқан үлестері өте зор. Қазақтың би-шешендері қайталанбас тарихи ерекше тұлғалар. Себебі, бұрын-соңды қазақтан басқа халықтарда ел өмірінің барлық қырларына араласып, халықты бірлік пен татулыққа, саяси әлеуметтік дамуға ұйыстыратын мұндай тұлғалар, елді аузына қарататын адамдар көп болмаған.

Әлемдегі ешбір халықтың, ешбір мемлекеттің даму тарихында кездеспейтін, тек қана қазақ ұлтының санасында сақталып, оның қоғамдық өміріне мінсіз

қызмет еткен билер соты, олар ұстанған әділдік біздің Егеменді елдің соттар қауымдастығы үшін өнеге алар, таусылмас рухани байлық.

Бүгінгі таңда елімізде болып жатқан тың үрдістер мен заң саласындағы жаңалықтар адамды қоғамның жоғарғы құндылығы ретінде бірінші кезекке қойып, азаматтардың сотпен қорғалу құқығын кеңейте түсті.

«Басты құндылық - адам» деген ұстанымдағы қоғамда өмір сүріп отырған бәріміз үшін адам және адамның өмірі, құқықтарының сақталуы ең қымбат қазына болып табылады.

(Басы. Соңы 4-бетте)

АҚПАРАТ / ХАБАР

» ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ОДАҚ МҮШЕЛІГІНЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

Таяуда оқу ордамыздың ғалым-жазушысы Тоқболат Еңсегенұлы Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Тоқболат Еңсегенұлы 30-дан астам кітап, 6 көркем шығарма, 15 монография, 1 оқулық, 10 оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Ғалымның 250-ден астам ғылыми, 130-ға жуық очерк және бірнеше өлеңдер топтамасы жарық көрген. Бұған қоса 70-ке жуық көркем сын мақала және 30-дан астам әңгіме жазылып, жария болған. Осындай қомақты еңбектерінің нәтижесінде жазушы-ғалымның еңбегі еленіп, Қазақстан Жазушылар одағына мүше болып қабылданды.

Белді ғалым Тоқболат Еңсегенұлына алдағы уақытта да шығармашылық табыстарға жете беріңіз дейміз!

ЯУ-ақпарат



ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Шымкент медицина институты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 10 қаңтар күні жарияланған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың мүмкіндіктері» тақырыбындағы Қазақстан халқына жолдауын кеңінен насихаттау бойынша көлемді іс-шара өтті.

Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің ұйымдастыруымен өткен шараға Шымкент медицина институтының директоры У.Жұмабаев, факультет деканы А.Сариева және оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер қатысты.

Шымкент медицина институтының директоры У.Жұмабаев Елбасының әр Жолдауы – еліміз үшін, халқымыз үшін маңызды екендігін атап өтті. Жолдауда еліміздің дамуы бойынша барлық саланы қамтитын нақты әрі маңызды міндеттер белгіленгенін жан-жақты айтты. Сол бағыттарды

негізге ала отырып, институттың барлық құрылымдық бөлімдерінде атқарылатын іс-шара жоспарлары түзіліп, іске асырылатындығын жеткізді.

Шара барысында телеарналардан берілген ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына мәлімдемесінің бейне сюжеті қойылды.

«Дипломнан кейінгі білім беру» факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Қ.Сағынбаев Қазақстан Президентінің 2018 жылғы Жолдауының негізгі мақсаты мен 10 бағытын айқындайтын баяндама жасады.

Шара соңында Елбасының салиқалы саясатын Шымкент медицина институты ұжымы бірауыздан қолдап, жаңа заман талабына сәйкес Елбасы ұсынған тарихи өрлеу бағытында қажырлы жұмыс жасауды мақсат тұтып тарқасты.

Ақпарат орталығы

МЕМЛЕКЕТ ЕНДІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ЖАТАҚХАНА САЛМАЙДЫ

Жоғарғы білімді қаржыландыру үшін республикалық бюджет есебінен жатақхана, асхана және кітапхана құрылысына ақша бөлінбейді, деп жазады Tumba.kz. Бұл туралы баспасөзге ҚР Білім және Ғылым министрі Ерлан Сағадиев хабарлады. Оның айтуынша, бұндай жолмен үнемделген қаражат көмегімен, 2017 жылы магистратура гранты мыңға, ал бакалавриат 10 мыңға көбейді. Жалпы алғанда, грант саны 25-30 пайызға артты.

«Барлық ақша, онсыз да, қазақстандық жоғарғы оқу орындарына тиесілі. Бұл тұрғыда қаржылық еркіндік қарастырылады. Мұғалімдердің алатын қаржысын бұл есептен алып тастауға тырысамыз. Біз бұны инвестициялық бағдарламаларымен бірге ЖОО-на қайта сатып алу үшін береміз. Яғни, барлық қаражат ЖОО-ның еншісіне тиесілі болады. Дегенмен де, жоғарғы оқу орындарында бақылау алқасы есебінен қатаң тексеріс жүргізіліп тұрады. Оның өкілеттігі артып, тек бақылау кеңесінің төрағасына бағынатын ішкі аудит қызметі құрылады», – деді Ерлан Сағадиев. Сонымен бірге, ол барлық мемлекеттік жоғарғы оқу орындары жаңа дәрежеге ие болып, коммерциялық емес акционерлі ЖОО-ға айналатынын айтып өтті. Бақылау кеңесі автоматты түрде директорлар кеңесіне айналады. Әрине, бұл жағдайда оның

уәкілдігі артатыны сөзсіз. Штаттық кесте, тағайындау, жалақы, инвестициялық бағдарламалар, стратегиялар – бәрі бақылаушылар алқасына, яғни директорлар кеңесіне қарастырылуға беріледі. Академиялық еркіндік туралы заң шет ел студенттеріне ақша табуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қаржы реттілігі көрсеткішінен ішкі босату қалыптасық. «Олар тәуелсіз болуға тиіс. Жинақ қағидасымен бірге тұрақты кәсіпорын болуы керек», – дейді министр. 2018 жылы Білім Министрлігі жатақхана құлысына ешқандай қаражат құймайды. Бар ақша грантқа беріледі. Сондай-ақ, Ерлан Сағадиев әкімдіктер де грант бөле алатындығын айтты. 2017 жылы түлектерге төрт облыс -тан грант бөлінген. Бұл мәселеде Маңғыстау облысы көш басында тұр.

7kun.kz

» РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - УАҚЫТ ТАЛАБЫ



ӘБДІЛДА МЕЙІРБЕКОВ
«Экология және химия»
кафедрасының профессоры

Соңғы жылдары еліміз экономикалық даму мен саяси тұрақтылыққа жетті. Алайда, бүгінгі таңда әлемде терроризм мен діни экстримизм мәселесі орын алуда және өте өзекті мәселе болып отыр.

Осы қауіпті дерттің алдын алудың және күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған жағдайлар мен қағидалардан арылу үшін 2017 жылы сәуір айының 12 жұлдызы күні «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялады.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала отырып, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап көрсетті.

1. Бәсекелік қабілет. Бұл бағытта Елбасы болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатындықтан әрбір қазақстандық XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керектігі атап өтті. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық және с.с.

2. Прагматизм. Бұл бағытта Елбасы қанымызға сіңген көптеген дағдылар өзгерте отырып, ұлттық және жеке байлықты үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашақты жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу керектігіне тоқталды.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Бұл бағытта Елбасы Ұлттық жаңғыру арқылы ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту және ұлттық

болмыстың өзегін сақтай отырып, ұлттық кодты сақтап, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек екендігіне тоқталды.

4. Білімнің салтанат құруы. Бұл бағытта Елбасы экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермегендігін ескере отырып, кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жететіндігін атап өтті.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. Бұл бағытта Елбасы индустрияландыру, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуы, жаңа интеллигенцияның қалыптасуы сынды жаңғыру болғандығын айта келе, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу айрықша маңызды екендігіне тоқталды.

6. Сананың ашықтығы. Бұл бағытта Елбасы сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіретіндігіне тоқталды.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәрине дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек деп нықтап атады.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі деп те атап өтті.

Сондай-ақ, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру мәселесін қарастырып, «Туған жер» бағдарламасын және «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі» мен «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобаларын қолға алуды ұсынды.

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛДАНСА ИГІ

Қазір қоғамда үш тұғырлы тіл саясаты туралы әр алуан пікір қалыптасып отыр. Алдымен, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің үш тілділікке қатысты айтқан сөзіне назар аударып көрейік: «Үш тілділік мәселесі – ең алдымен қазақ тіліне назар аудартады. Үш тілділік – ол ең бірінші қазақ тілі туралы бағдарлама. Қазақ тілінің жағдайы қазір көш ілгері. Бүгінде еліміздегі оқушылардың 70%-ы қазақ тілінде білім алады. Мәселе үш тілділікте емес, мәселе орыс мектептерінде оқитын бес жүз мың баланың қазақ тілін білмейтінінде». Сондықтан министрлік үш-төрт жылдың ішінде осынша баланы қазақ мектептеріне қайтаруды алдына мақсат етіп қойып отыр. «Қазір осы мақсатты жүзеге асыру үшін үш-төрт зияткерлік институт арнайы әдістеме дайындап отыр. Ал заманауи ғылыми негізде компьютерлік моделдеуден өткен

әдістеме болады. Осы әдістеме арқылы алты айда қазақ тілін үйрене алады. Соны орыс мектептеріндегі қазақ тілі сабақтарына қолданысқа енгізсек, үш жылдың ішінде бес жүз баланың қазақ тілінде сөйлейтініне сенемін. Үш тілділіктен ұтыламыз деген, толықтай қате түсінік», – дейді Е.Сағадиев.

Министр тілге тиек еткен әдістеме іс жүзінде қандай нәтижеге жеткізетінін уақыт көрсетер. Алайда үш тұғырлы тілдің негізгі мақсаты халыққа әлі түсініксіз болып отыр. Айта кететін жайт, жалпы көпшілік ұлттың, жастардың тіл үйренуіне, көкжиегін кеңейтуіне қарсы емес. Үш тұғырлы тіл саясатының бастан қарсылыққа ұшырауының негізгі себебі – о бастан дұрыс түсіндірілмеуінен. Бұл келесі келесі халыққа не береді, маңызы қандай, осының бәрі дұрыстап кеңінен түсіндірілуі керек еді.

(Басы. Соңы 5-бетте)

ҰЛТТЫҚ РУХ


РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨРІСІ

Балғабай НАҚЫПОВ,
Ардагерлер кеңесінің төрағасы,
профессор

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы орайда, бүгінгі өскелең ұрпақтың құқықтық, рухани-мәдени білімін арттыру мақсатында Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақ алқа билерінің мәні мен құндылығы» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның да студент-жастарға, олардың тұлғалық қалыптасуына тигізер әсері мен пайдасы зор екендігі сөзсіз. Бұл конференцияға өңіріміздің білікті ғалымдары, мемлекет қызметшілері, сот жүйесінің өкілдері, прокуратура, ішкі істер органдары, басқа да заң саласының қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ОПҚ мен студенттерінің қатысуы іс-шараның ауқымды, әрі тағлымдық мәні жоғары екендігінің дәлелі болды.

ҚР Президентінің Рухани жаңғыру идеясынан бастау алған бұл конференцияның мақсаты халқы үшін өмілдіктің тең таразысы бола білген қазақ билерінің тарихи орны, олардың би-шешендік қасиеттерін дәріптей отырып, ел бірлігі мен ынтымағын нығайтуға қосқан үлестерін жас ұрпаққа жеткізу, ұғындыру, ой-санасын рухани жаңарту болатын. Егер бұл мәселенің тарихына үңілер болсақ, ойлау қабілетін модернизациялау 90-жылдардың басында қозғалып жүрген еді. 1993 жылы Елбасының «Қоғамдық бірыңғай нығаю – Қазақстан дамуының кепілі» деген қазіргі таңның ең өзекті мәселенің бірі болып отырған сөзі шыққан болатын. Кеңес үкіметі құлдырағаннан кейін, экономика ауыр халде болып, елді аяғынан тік тұрғызу, саясат пен экономиканы басынан бастап құру керек болды. Сол кезде Елбасы осы мақаламен сәйкес келетін, қоғамды нығайтатын құндылықтар, бағдарламалар мен бағыттар керек деген сынды көптеген идеялар айтқан болатын. ҚР Президенті «Қазіргі басты міндет - ел экономикасын көтеру жолдарын қарастырып өсімді арттыру, дамыған 30 елдің қатарына ену. Ол үшін экономиканы модернизациялап, дамудың жаңа көздерін тауып, жаңа индустрия қалыптастыру қажет, жаңа экономика құру, жаңа саяси жүйе қалыптастыру, біздің ойлауымызды, санамызды, әлеуметтік-мәдени ортамызды модернизациялау туралы, ең бастысы – идеологиялық модернизация, себебі барлық өзгерістер біз оны қалай қабылдайтынымызға байланысты. Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Жас ұрпақтың уақыт талабына бейімделуіне, мәдени ортаны қалыптастыруға ұмтылысын



жігерлендіретін, ұлттық рухын, санасын оятатын, ел бірлігі мен ынтымағының артуына тікелей ықпал жасайтын да осы орта» деген болатын.

Рухани жаңғыру идеясының негізінде жеке адамның, халықтың тұлғаға айналатындығын ата бабаларымыз жете түсінген. Батырлықтың, шешендіктің, тума талант иесі болып ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақ баласының тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді. Қоғамда ұрпақ болмысы қалай болуы керек, әрине - мінсіз болуы қажет. Елдің тұрмыс тіршілігімен тыныс алып, өмірімен етене байланысып өскен ұрпақ өмірге бейімделіп өседі. Елге жаны ашитын зиялы адам өз заманының жетістігін білімге, өнерге, ғылымға жастарды бағыттау, оның жетістігіне елдің қолын жеткізу деп түсінеді.

Жеке адамның, әлеуметтің рухани жаңғыруы өмірге, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімделе білуінде. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу... заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Адам баласының рухани жаңғыру қызметінің негізінде сананың дамуымен қатар жүретін нәрселер еңбек, білім, адамгершілік және кісілік деңгейде ойлау. Әр ұлттың болмысы мен мүддесінің қозғаушы күшіне айналған сана қашанда әлеуметтік және тарихи құбылысқа ие болады. Бұндай деңгейдегі сананың түрін ұлттық сана дейміз. Сондықтанда ұлттық сана қашанда рухани жаңғырудың негізі болып қала бермек.

Рухани жаңғыру ұлт пен оның өкілі жеке адамның кісілік табиғатына тәуелді. Ұлттық санада шынайылық, туралық, ұқыптылық орын алмаса әлеуметтік ортаның даму күші әлсірейді. Ұлттық код ұлттық болмыстың рухани көзі, тарихи негізі. Ұлттық код болмаса тарихи ақпараттар, мәдени құндылықтар

ұрпақ санасында бірікпейді. Аға ұрпақтың кейінгі буынға табыстайтын дүниелері ұлттық құндылықтар. Олардың кейінгі дәуірде өмір сүруіне ықпал ететін ұлттық қасиеттер. Ұлттық қасиеттер болмаса ұрпақтың бірегейлікте өмір сүру ұстанымы қалыптаспайды. Абай айтқандай «ұлттық сана болмаса қара басының қамынан аса алмаған, бас басына би болған өңкей қиқым ұлттық рухы жоқ адамнан шығады» дегені бар Осы себептен ұрпақтың заман талабына сай ізденуіне, рухани кемелденуіне, бірігуіне ықпал ететін ұлттық код.

Рухани жаңғыру жаңашылдыққа қол жеткізу, заманның жетістігін бағындыру. Жаңашылдық әлеуметтік ортадағы мәдениеттілікпен өлшенуі тиіс. Алаш зиялысы Әлихан Бөкейханов «Әділдік жоқ жұртта, береке бірлік болмайды» деп жазса, ол парақорлық, жемқорлық күш алған тұста жеке адамның, әлеуметтік ортаның рухани жаңғыруы, жаңашылдығы тежеліп отыратындығын көрсеткендігі.

Ұлттық рух бар жерде рухани жаңару күш алады. Мемлекет басшысы мақалада атап көрсеткендей ұлттық сана, ұлттық код рухани жаңарудың түп қазығы, ұлттың негізі арқылы жеке адамның, халықтың, елдің уақыт талабына сай ізденуі, еңбек қоғамын құруы, уақытты, еңбек пен білімді, денсаулықты қатар бағалап, қорғай алған қоғам ұлттық рухымен мемлекетіне, қоғамына, еліне игілік әкелетін дүниелерді қалыптастырады.

Осы тұста Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Рухани жаңғыру идеясының аясында ОҚО-да атқарылып жатқан мыңдаған іс-шаралардың біріне тоқтала кетсем. Халықаралық «Түрксой» ұйымының шешімімен Түркістан қаласы 2017 жыл- Түркі әлемінің мәдени астанасы деп белгіленуі. Түбі бір Түркі халықтарының, ұлы бабаларымыздың қалыптастырып, бүгінгі күнге аманат етіп кеткен рухани-мәдени құндылықтарды сақтап қалу жолында жасалған тамаша қадамдардың бірі болды. Түркі елдерінің тағдырын тоғыстырған киелі Түркістан төрінде өткен дүбірлі шараның ашылу сал-

танатына 23 мемлекеттен келген түркітәулес 25 ұлттан тұратын 300-ге тарта шетелдік қонақ, халықаралық ұйым өкілдері, қазақстандық зиялы қауым, БАҚ өкілдері, жалпы саны 10 мыңнан астам адам қонақ ретінде қатысқаны жайлы айтылды.

Жыл сайын бір қалаға осындай мәртебе беру жөніндегі идеяның авторы Елбасы Н. Назарбаев. Бұл дана бабаларымыздың бүгінгі күнге аманат етіп кеткен рухани құндылықтарымызды сақтап қалу жолында жасалған қадамдардың бірі. Түркі әлемінің мәдени астанасы атанған Түркістан қаласында жоғарыда аталған ұйымның қорытынды мәжілісі өтіп, халықаралық іс-шараларды өткізу деңгейіне, маңыздылығы мен құндылығына жоғары баға берілді.

Түркі халықтарының мызғымас бауырластығын, достығы мен бірлігін білдіретін «Түркі бағы» аллеясы мен рухани құндылығы зор қазақ елінің көк туын аспанға желбіретіп рәміздер аллеясы ашылып, «Туған жерге туынды тік» демекші жастарды патриотизмге тәрбиелеудің басты алаңына айналуға.

Сонымен қатар, ОҚО-да Елбасының ұсынған «рухани жаңғыру» идеясының аясында облыс орталығынан адам құқықтары мен бостандығын қорғау, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңды кеңес беруді мақсат тұтқан «Құқық қорғау қызметтері орталығы» ашылуы, құқық қорғау органдарының басшыларының жергілікті аудан-қала тұрғындарымен кездесіп, жеке қабылдаулары дәстүрге енді, полиция қызметін халыққа жақындату, учаскілік қоғамдық пунктерді көбейту мәселелері іске асырылуда. Адам санасының құндылығының артуына, келешек ұрпаққа рухани жаңғыру тұрғысында әлеуметтік-мәдени өрісінің кеңеюіне бағытталған жұмыстардың нәтижелі болуында ардагер ағалар мен аналардың, ұстаздар қауымының алатын орны ерекше. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде, санасында болымды қасиеттердің қалыптасуына септігін тигізетініне сенеміз. Қоғамның рухани жаңғыруына бірлесіп қызмет етейік.

МАҚСАТЫМЫЗ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ

Фазладдин Теймуров
Хирургиялық стоматология
кафедрасының меңгерушісі

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға болып саналады. Өйткені осы

Жолдауында Мемлекет басшысы ел дамуының 10 басым бағытын айқындап, оларды жүзеге асырудың тетіктерін нақты көрсетіп берді. Жолдаудың жетінші бағытында Елбасы адами капиталға ерекше мән беріп, оны жаңғырудың негізі деп атады. Осы бөлімде білім беру саласын жетілдіруге, сапасын одан ары жақсартуға, кадрлар біліктілігін арттыруға қатысты көптеген

игі бастамалар айтылған. Оқу ордамның тарихында көптеген ғалымдар аңсаған, армандаған мамандықтардың саласына жататын дерігер-стоматологтарды бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын «Стоматология» факультеті ашылды. Бұл мамандық болашақтан үміт күттіретін, қазіргі таңда күрделі шешімін таппаған мамандықтар қатарына жатады.

Сондықтан да барынша қабілетті мамандар даярлауға ұмтылудамыз. Саусақ бірікпейтін ике ілікпейді деген бар. Бірігіп, бірлесіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, Жолдаудың жүзеге асырылуына атсалысуымыз керек. Сонда ғана дамыған елдердің қатарынан табыламыз. Еліміздің дамуына үлес қосу әр қазақстандықтың міндеті.

«Өзіне тартып тұратын туған жердің көзге көрінбейтін, өзіңе білінбейтін байланысы болады. Әлемге назар аудармай табандап елде отырып алуға да болмайды. Ол кезде әлемдік даму мен өркеніеттен құр қаламыз. Жер шарының қай түкпірінде жүрсек те қайта соғар, сағынышыңды басар темірқазығың – туған жер болып қала бермек» – дейді Әлеуметтік ғылымдар факультетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты ТӘЛІП ЖҰМАНОВ.

ҚАЙДА ЖҮРСЕМ ДЕ ҚАЗАҚПЫН

-Аға, ұзақ уақыт Ресейде тұрып келдіңіз. Ол жаққа қалай, не себепті бардыңыз?

- Мен, Өзбекстанның Янгийоль қаласында, қазақ отбасында дүниеге келдім. Қаламызда қазақ мектебі болмағандықтан, орыс мектебін бітірдім. Ол кездері комсомол жастары жолдамамен құрылысқа жіберілетін. 1960 жылдың басында КОКП Орталық комитетінің бірінші хатшысы, қазірше айтсақ президент Н.С. Хрущевтің өзі жастарды үйде отырмай коммунизм құруға, құрылыстарда, заводтарда жұмыс істеуге шақырып, үндеу тастады. Совет Одағының түкіпір-түкіпірінде құрылыс қарқын алып жатқан шақ. Он жылдықты бітіріп, 17 жасымда бүкілодақтық комсомолдық құрылысқа Красноярск гидростанциясының (ГЭС) салуға аттанып кеттім.

Мектеп бітіргенде аттестатымда 4 төртін бар еді, бағама көңілім толмай жүретін. Содан жұмыс істей жүріп, кешкі мектепті бітіріп алдым. Өте жақсыға бітірдім, екі аттестат болды. Екі аттестат та маған жұмыс істеді десем болады. Бірден екі институтқа түсіп, қос мамандықты қатар алып шықтым. Томск университетінің Красноярск филиалының Заң факультеті мен Красноярск пединститутының Тарих факультетіне қатар оқуға түстім. Сырттай оқимын. Сессиялар жобаман қатар болады. Екі жоғары оқу орнының ортасында жүгіріп жүремін. Зачеткалар ауысып кетпесін деп екі қалтаға бөліп салып, емтиханға кірерде пысықтап қоямын. Екі мамандыққа бір мезгілде мемлекеттік емтихан тапсыру оңай болмайтынын ескере отырып, тарих мамандығының соңғы курсында академиялық демалыс алдым. Оны бір жыл кейін бітірдім. Мемлекеттік емтихан комиссиялары сол мамандыққа байланысты жан-жақтан шақырылатын. Заң мамандығының мемлекеттік емтиханын тапсырып болған соң, маған жұмысқа шақыру ұсыныстары түсті. Аймақтық сотқа, Красноярск мемлекеттік университетінің «Азаматтық құқық» кафедрасына ассистенттікке және Красноярскінің политехникалық институтының «Философия» кафедрасына оқытушылыққа, екі жылдан соң аспирантураға жібереді екен. Мен соңғысын таңдадым. Политехникалық институтта 2 жыл жұмыс істеген соң

Москваның Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, оны бітіріп шықтым. Жұмысымды өз кафедраларда жалғастырдым. Кафедра меңгерушісі болып қызмет атқардым. Жұмыс бабымен Ресейдің, Совет Одағының түкпір-түкпіріне бардым. Жастық кезде осылай еңбек етіп жүріп 40 жылдың қалай өтіп кеткенін де байқамай қалыппын.

- Сіз, фаундейш топтарына ағылшын тілінде білім бересіз. Студенттер дайындық бөлімінен тілді қалай игеріп келеді екен. Жалпы ОПҚ-ның жағдайы жөнінде де айта кетсеңіз?

- Неге заң мен тарих мамандығын таңдадым? Негізінде мені саясат қызықтыратын еді. Бірақ ол кезде бүкіл Совет Одағында саясаттану мамандығы болмаған. Сондықтан мен оның айналасындағы мамандықтарды игеруге тырыстым. Аспирантураға түскен соң ағылшын тілін өзім үшін үйренуім керек болды. Диссертациялық жұмысым социал-демократиялық партияларға байланысты болды. Ол кезде орыс тілінде ондай материалдар жоқтың қасы. Неміс, испан, француз, итальян тілдерін сөздік арқылы оқып түсіне аламын.

Қазіргі фаундейш тобының студенттері 1 жыл тіл үйреніп, арнайы дайындықпен келгендерімен, тіл білу деңгейлері төмендеу. Екі тілді қатар меңгергендіктен бе, олар екі тілді де шалалау біледі. Сондықтан мен сабақты аралас тілде өтемін. Арасында қазақ тілі, орыс тілдерінде түсіндіріп отырмасам, тақырыпты игере алмайды. Оқу орнымыздың материалдық, техникалық базасы жақсы. Бірақ оқытушыларға қойылатын талап өте көп. Есеп беру, қағазбастылық, тексерулерге дайындау және аудиториялық сағаттардың көптігінен ғылыммен айналысуға уақыт аз қалады. Ағылшын тілі курсы бітірді деген сертификат болмағандықтан, ағылшын тілінде сабақ беріп жүрсем де, өзге оқытушыларға төленетін қосымша жалақы маған төленбейді. Бұл да бір қиынсыз нәрсе.

- Ресейде, Америкада және Қазақстанда білім саласында жұмыс істеп көрдіңіз, ерекшелігі неде екен?

-1994 жылы Американың Вашингтон штатындағы Clark College-дің шақыртуымен 1 семестр саясаттанудан дәріс

оқыдым.

Ол жақта басқа ғаламшарда жүргендей болдым. Батыстың мәдениеті, білімі, технологиясы, тахникасы барлығы қарыштап дамып кеткен. Кредиттік жүйені мен сол кезде көрдім. Ал, Ресейдің қалыптасқан білім жүйесі бар, әлі де сол сақталған. Ресей басқа білім саласын қабылдамайды. Ал бізде, үлкен өзгерістер болуда. Кредиттік жүйені, батыстың білім жүйесін ендіріп жатыр. Бірақ толық дамытылмаған. Бұл технологиядағы ерекшелік таңдау пәндерін жеке студенттер таңдауы керек. Ал оқу орнымызда топ болып таңдайды. Америкаға барғанда дәл осы жүйе бойынша жұмыс істедім. Олардың ерекшелігі студенттік топ деген жоқ. Мысалы, профессор Жұмановтың класы деп бөлінеді. Менің сабағымнан шыққан соң, басқа құраммен басқа профессордың класы болып таңдаған пәндеріне кіреді. Әр студент өзі таңдаған пәнді оқитын болса, қызығушылығы артады. Қызығып оқыған білімгерді оқыту оқытушыға да тиімді. Ол жақта сабаққа қатысу да еркін екен. Тапсырмаларды алған студенттер бастысы емтихан-сынақтарды ойдағыдай тапсырса болды. Бірақ білім деңгейіне қойылатын талаптар да өте жоғары. Емтихан-сынақтарды студенттерге жеке хабарлайды. Бірінің балын басқасы білуі тиісті емес. Адам құқығының қорғалғандығының бір белгісін осыдан да көруге болады.

- Өзбекстанда туылып, Ресейде жұмыс істеп, Түркістанға қалай келдіңіз?

Пединститутта бірге оқыған орыс қызымен бас қостым. Бір қызым бар. Ол қыз бойжетіп, ұзаттық. Жасым жер ортадан асып барады. Бұл жерде не істеп жүрмін, елге қайтпсам болмайды-ау деген ой мазалады. Әйелім ойымды құптамады. Содан өзім 2000 жылы елге оралдым. Өзбек жоғары оқу орындарында жұмыс істегім келмеді. Өмірімнің көп бөлігін басқа елде өткізгенім жетер деген оймен Жетісайдағы Сырдария университетіне жұмысқа орналастым. Жұмысқа бірден қабылдады. Ресейде 40 жыл жүріп қазақшаны ұмытып қалағанмын. Ондағылар: - Ештеңе етпейді, әлі-ақ үйреніп кетесіз - деп жігерлендіріп қояды. Ержан деген қызметтес жігіт: - Қайтпайтын едіңіз, түсінбегеніңізді



тоқтамай сұрай беретінсіз аға, есіңізде ме? – деп кездесе қалсақ, әлі күнге күліп еске алады. Сырдария университетінде 6 жыл жұмыс істеп, қазақ тілін толық меңгеріп алдым. Өзіміздің университеттің Шымкент қаласындағы филиалына 2007 жылы оқытушылық қызметке келдім. Онда 5 жыл жұмыс істеп, 2012 жылы Түркістанға ауысып келдім.

- Аға, елге келген соң отбасын құрдыңыз ба? Қай елдің азаматысыз?

- Қазақстан азаматымын. (күлкімен көрсетеді) Қазақпын. Ресейден Янгийольге оралып, қазақтың қызымен бас қостым. Айдар атты ұлым 16-да, қызым Мадина 11 жаста. Қазір отбасым Ташкент облысындағы қазақ ауылында тұрып жатыр. Екі ортаны жол қылып, ай сайын отбасыма барып тұрамын. Ата қонысымыз Қазақстанға көшіп келуге әрекет жасағаныммен баспана мәселесін шеше алмадым. Ал Ресейдегі қызым хабарласып, қонаққа келіп тұрады.

Әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі, мінезі, қасиеті болады. Екі әлемнің адамдары бірін-бірі қанша ұнатып тұрса да, ананың сүтімен даритын адами қасиеттері сыр бермей тұрмайды. Өйткені өзге топырақ, өзге ауа, өзге су өз жерінің орнын толтыра алмақ емес. Оны мен басымнан өткіздім. Айналайын қазағымның ортасында, қасиетті Түркістанның топырағын басып жүргеніме мың шүкір деймін. Байқағаным, тіпті денсаулығым да бұрынғыдан біршама жақсы. Махаббаттың шапағатын көргісі келген жастар жақсылап ойланса екен. Өзіне тартып тұратын туған жердің көзге көрінбейтін, өзіңе білінбейтін байланысы болады. Әлемге назар аудармай табандап елде отырып алуға да болмайды. Ол кезде әлемдік даму мен өркеніеттен құр қаламыз. Жер шарының қай түкпірінде жүрсек те қайта соғар, сағынышыңды басар темірқазығың – туған жер болып қала бермек.

- Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбаттасқан:
Эльмира АРТЫҚБАЕВА**

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫ ЖАН -ЖАҚТЫ ТАЛДАНСА ИГІ

**Ержан ӨМІРБАЕВ,
Түрік филологиясы
кафедрасының доцент м.а.**

(Соңы. Басы 2-бетте)

Елбасы мемлекеттік тіл – қазақ тілінің ең маңызды рөл атқара отырып, орыс тілі мен ағылшын тілі осы мемлекеттік тілдің қасында бірге қолданатыны туралы айтқаны бар. Әрине, бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлы көштің соңында қалмау үшін халықты тіл үйренуге шақыру, тіл білуге үндеу өте орынды мәселе.

Біздің ойымызша, тіпті мұны «үш тұғырлы тіл» деп саясатқа айналдырмаса да, уақыт талабы өз дегенін жасар еді. Бұл жерде бізді басқа жағдай алаңдатуы тиіс. Біздің қазақтан басқа ешкімге керегі жоқ қазақ тілінің жағдайы қалай болады? Тіліміз қазіргі күніне зар болып қалмай ма? Қазақ тілі орыс тілі мен ағылшын тілінің тасасында қалып қоймай ма? Қандай жағдай болғанда да үш тұғырлы тіл саясаты жүзеге асырылған кезде одан қазақ тілі зиян шекпеуі керек, қазақ

тілін оқыту сағаты қысқармауы керек.

Қазіргі күндері көптеген зиялы қауым өкілдері балаларын жастай басқа тілде оқытуға қарсылық білдіріп отыр. Бұл саясатты «ұлтты құртуға бағытталған саясат» дейтіндер де бар. Бір қарағанда, баланы мектепке бара салысымен ағылшын тілінде оқыту оны ұлт ретінде құртуға бағытталған әрекет сияқты көрінеді. Бірінші сыныпқа барған бала ең алдымен өз тілін меңгеруі тиіс емес

пе? Туа сала ағылшын тілін үйренгенімен, ол ағылшын тілін керемет меңгеріп кетпейді. Оның үстіне осыншама міндеттейтіндей біз ағылшындардың қол астындағы ел емеспіз, өз конституциясы бар елміз. Бала өзінің қазақ екенін біліп өсуі тиіс. Өсе келе, жоғары сыныпқа барғанда қажеттілігіне басқа тілдерді де үйрене жатар. Осыған байланысты үш тұғырлы тіл саясатын әлі де жан-жақты талдау қажет деп ойлаймыз.

Ал сіз қалай ойлайсыз?

GAZETTİN' TU'RİK TILINDEĞİ QOSYMS'ASY

Yesevi Üniversitesi

GAZETTİN' TU'RİK TILINDEĞİ QOSYMS'ASY

Topkapı Türk Dünyası Kültür Mahallesi'ndeki Yesevi Otağında "Yesevi Yolunda" konferansı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, 27 Ocak 2018 Cumartesi günü saat 14:00'te Topkapı Türk Dünyası Kültür Mahallesi'ndeki Yesevi Otağında "Yesevi Yolunda" başlıklı bir konferans verdi. İBB Kültür AŞ ve Hoca Ahmet Yesevi Üniversitesi işbirliği ile ve Kültür A.Ş. Genel Müdürü Kemal Kaptaner'in evsahipliğinde gerçekleşen "Yesevi Yolunda" başlıklı etkinliğe Kazakistan Başkonsolosu Yerkebulan Sapiev de katıldı.

Kazakistan Başkonsolosu Yerkebulan Sapiev etkinliğin açılışında yaptığı konuşmada: "Dilimizin ve kültürümüzün gelişmesine, zenginleşmesine çok önemli katkılarda bulunan büyük fikir adamı ve gönül eri Hoca Ahmet Yesevi, Türkistan'dan Anadolu'ya ve Balkanlara kadar uzanan geniş bir coğrafyanın manevi kandillerinden biri olarak Arslan Baba'dan ve Yusuf Hemedani'den devraldığı ihsan ve irfan bayrağını, Horasan Erenleri aracılığıyla yedi iklimi taşımıştır." şeklinde konuştu.

İBB Kültür A.Ş. Genel Müdürü Kemal Kaptaner ise "Hoca Ahmet Yesevi'nin büyük manevi mirası, Türk dünyasının sadece gönül âlemini aydınlatmakla kalmamış, aynı zamanda Türklerin kimliklerini korumasına ve devam ettirmesine yardımcı olmuştur, böylece milliyetlerini ve kültürlerini unutturma çabalarını boşa çıkarmıştır." dedi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Musa Yıldız, konuşmasında: "Hoca Ahmet Yesevi, Peygamber Efendimizin Mekke'den yaymış olduğu İslam ışığına bir ayna tuttu ve Anadolu'ya yansıttı. Bu ayna Anadolu'da Hacı Bektaş-ı Veliler, Yunus Emreler, Mevlanalar olarak, Balkanlarda ise, Sarı Saltuklar, Gül Babalar, Demirci Babalar olarak

tezahür etti. Bugün Anadolu'da Balkanlarda Türklük varsa bu Hoca Ahmet Yesevi sayesinde." Hoca Ahmet Yesevi'yi anarken onu tanıtan Fuat Köprülü'yu de anmadan geçmemek gerektiğini ifade eden Yıldız, "Fuat Bey çalışmalar yaparak büyük eserinde Hoca Ahmet Yesevi'yi ve onun yolundan giden Yunus Emre'yi yazdı. Her ikisini de rahmet ve minnetle anıyoruz." dedi.

Hoca Ahmet Yesevi'nin ailesine, ilim ve ibadet hayatına da değinen Prof. Yıldız her fırsatta dile getirdiği "Bugün Anadolu'da Balkanlarda Türklük varsa bu Hoca Ahmet Yesevi sayesinde" cümlesini, Yesevi'nin ışığının günümüze yansımalarını dinleyicilerle paylaştı.

Konuşmaların ardından Cumhurbaşkanı Recep Tayyip Erdoğan'a Nursultan Nazarbayev tarafından hediye edilen Kazak çadırında Kazak devlet sanatçısı Žagipa İmgaziova, Divan-ı Hikmet'ten "Sen seni bil, sen seni" ve başka hikmetleri dombra eşliğinde seslendirdi. Çadırda misafirlere Türkistan pilavı ikram edildi. Etkinlik vesilesiyle katılımcılar, Topkapı Türk Dünyası Kültür Mahallesi'nde yer alan Hoca Ahmet Yesevi Türbe maketi ve Hoca Ahmet Yesevi Otağı'nı da görme imkânı elde ettiler.

Etkinliğin kapanış bölümünde Kültür A.Ş. Genel Müdürü Kemal Kaptaner, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a teşekkür plaketi takdim etti. Prof. Dr. Musa Yıldız ise, Kültür AŞ Genel Müdürü Kemal Kaptaner'e ve Kazakistan Başkonsolosu Yerkebulan Sapiev'e Hoca Ahmet Yesevi'nin Divan-ı Hikmet adlı kitabından hediye etti. Etkinliğin ardından Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Kazak devlet televizyonuna Yesevi konferansı ve Türk Dünyasında planlanan diğer etkinlikler hakkında bilgi verdi.

Kazak Kahramanlık Masalları kitabı yayımlandı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından "2018 Türk Dünyası Kültür Başkenti: Kastamonu"



etkinlikleri kapsamında Doç. Dr. Seyfullah Yıldırım tarafından hazırlanan "Kazak Kahramanlık Masalları" başlıklı eser yayımlandı.

Türk dünyasının ortak kültür mirasının daha açık bir şekilde görülmesi açısından farklı Türk boylarına ait kültürel unsurların değişik dil ve lehçelere kazandırılması

büyük bir ehemmiyet arz etmektedir. Kazak Hanlığı'nın kuruluşunun 550. Yılı'nın kutlandığı şu günlerde elinizde bulunan bu eser tarihi seyir içerisinde Kazak batırlarının göstermiş olduğu kahramanlıkların halk muhayyilesindeki izlerinden biri olan "Kahramanlık Masalları"na ait örnekler taşımaktadır. Kazaklara ait olan kahramanlık masallarının Türkiye Türkçesine aktarılması okuyucuya hem diğer metinlerle mukayese hem de kültürel müştereklikleri görme imkânı sunmaktadır.

Büyük bir kısmı günümüz Kazakistan Cumhuriyeti'nde yaşamakta olan Kazaklar yirminci yüzyılın başına kadar yaylak-kışlak hayatı yaşamış ve bu hayat tarzının da bir sonucu olarak günümüze kadar canlılığını devam ettiren şifahi bir geleneğe sahip olmuşlardır.

Ahmet Yesevi Üniversitesinde Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbaev'in ABD Ziyareti değerlendirildi

Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbaev, 16-17 Ocak 2018 tarihleri arasında Amerika Birleşik Devletleri'nde resmi ziyarette bulundu. Ziyaret kapsamında, ABD Başkanı Donald Trump ile bir görüşme gerçekleştirildi.

Ziyaretle ilgili olarak iki ülke arasında imzalanan anlaşmaların durumu, boyutu ve etkisi, Üniversitemizin Sosyal Bilimler Fakültesi Uluslararası İlişkiler Bölümü tarafından düzenlenen toplantıda analiz edildi.

katıldı.

Toplantının açılışında; "Kazakistan-ABD Arasındaki Mevcut Durum" konulu konuşması ile katılımcılara hitap eden Uluslararası İlişkiler Bölümü Başkanı Doç. Dr. Eftal Ş. Batmaz, konu ile ilgili düşüncelerini paylaştı.

Uluslararası İlişkiler Bölümü Öğretim Üyesi Dr. Aydarbek Emirbek ise "C5 + 1" formatı ve Kazakistan-ABD ilişkileri," konusundaki bildirisini kapsamında değerlendirmelerde bulundu.

Uluslararası İlişkiler Bölümü Öğretim Üyesi Dr. Makpal Andamasova da, "Kazakistan'ın BM Güvenlik Konseyi dönem başkanlığı" üzerine bir bildiri sunduğu bildirisini ile Kazakistan'ın uluslararası ilişkilerdeki yeri ve önemini değerlendirdi.

Uluslararası İlişkiler Bölümü Öğretim Üyesi Dr. Kanat İdris de "Kazakistan ve bölgesel güvenlik konuları" bildirisini ile ulusal ve uluslararası güvenliğin önemini üzerinde durdu. Toplantı sonunda; Nursultan Nazarbaev'in resmi ziyareti kapsamında ele alınan stratejik ortaklık meselesi, güvenlik, terörle mücadele, ekonomi ve diğer konular değişik bakış açıları ile ele alındı. Amerika Birleşik Devletleri ile Kazakistan ilişkilerinin gelişimi, stratejik önemi ile bu ziyaretin uluslararası ilişkiler açısından önemi vurgulandı.



Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi Toplantı ve Konferans salonunda gerçekleşen etkinliğe; Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Taljan Raimberdiev, Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mehmet Toplu, Sanat Fakültesi Dekanı Yrd. Doç. Dr. Ercan Mahanbet ile çok sayıda akademisyen ve öğrenci

Nursultan Nazarbayev'in "Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış" isimli makalesi müzakere edildi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Sosyal Bilimler Fakültesi tarafından düzenlenen toplantı ile Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in "Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış" isimli makalesini müzakere etmek üzere bir toplantı gerçekleştirildi.

12 Ocak Cuma günü gerçekleştirilen toplantıya Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mehmet Toplu, Disiplin ve Kültür İşleri Müdürü Lezzet Esentayeva'nın yanı sıra fakülte hocaları ile çok sayıda akademisyen ve öğrenci katıldı.

Toplantıda, Nursultan Nazarbayev'in manevi uyanış makalesinde ele aldığı "Sosyal Bilimler ve Gazetecilik" konusunda Üniversitemizin Gazetecilik Bölümü öğretim üyesi Prof. Dr. Seydullah Sadıkov konuşma yaptı. Sadıkov, konuşmasında, eğitim kalitesinin artırılması, yeni bir eğitim sisteminin oluşturulması ve geliştirilmesi, gençlerin gelişen teknolojik çevreye hazırlanması, gibi birçok konuda katılımcıları aydınlattı.

Toplantı, genel değerlendirme konuşması ile sona erdi.



GAZETTİN' TU'RIK TILINDEGI QOSYMS'ASY

Tıp ve Dış Hekimliği Fakültesi Akademik Çalışmaları Değerlendirme Toplantısı Yapıldı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Bilimsel Araştırmalar ve İnovasyon Müdürlüğü ve Alanlararası Koordinasyon Kurulu tarafından, Üniversitemizin Tıp Fakültesi ile Dış Hekimliği Fakültesi'nde görev yapan öğretim üyelerinin akademik çalışmalarını hakkında bilgi edinmek üzere, 11 Ocak Perşembe günü Üniversitemizin Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi Toplantı ve Konferans Salonunda toplantı gerçekleştirildi.

Toplantının hedefi, söz konusu fakültelerin öğretim üyelerinin akademik çalışmalarını desteklemek, teşvik etmek, bu alanda bilgi ve motivasyonunu yükseltmek ve kendi çalışmalarını değerlendirmelerini sağlamak ve paylaşmak olarak

belirlendi.

Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Taljan Raimberdiev'in oturma başkanlığında gerçekleştirilen etkinliğe, Alanlar Arası Koordinasyon Kurulu üyeleri ve Bilimsel Araştırmalar ve İnovasyon müdürlüğü personelleri ve katıldı.

İki oturumda gerçekleşen toplantının ilkinde Tıp Fakültesi öğretim üyeleri A. Ajayev, İ. İshigov, K. M. Lakhanova, Ş. Seydinov, S. Zhumashov bildirimlerini sundu. İkinci oturumda ise Dış Hekimliği Fakültesi öğretim üyeleri; R. Ashurmetov, G. Ashirbekov, A. Temirbekov, N. Hodzhaev, M. Omaraliev, A. Mamyrbekova, D. Imanova, M. İskenderov, F. Temurov bilimsel çalışmalarını hakkında raporlarını sundular.



Ahmet Yesevi Üniversitesi Fakülteler Arası Spor Turnuvası Başarı Ödülleri Verildi

Ahmet Yesevi Üniversitesi akademisyen ve personelleri arasında geleneksel olarak her yıl düzenlenen fakülteler arası Kış Spor Turnuvası tamamlandı.

11-24 Ocak 2018 tarihler arasında, Kazakistan Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbaev'in "Geleceğe Doğru - Manevi Uyanış" makalesi kapsamında tertip edilen spor turnuvası, Üniversitemize bağlı 8 fakülte, Kentav Enstitüsü ile Türkistan Ahmet Yesevi takımları arasında gerçekleştirildi.

Çekişme ve heyecan dolu maçlar, sporseverler tarafından ilgiyle takip edildi. Yapılan tüm maçlar sonucunda Kentav Enstitüsü birinci oldu. Rektörlük çalışanları takımı ikinci sırada yer alırken, üçüncülüğü

ise Türkistan Ahmet Yesevi Koleji kazandı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi 3. Kampüs Bekzat Sattarhanov Spor Salonunda gerçekleştirilen kapanış programına; Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ile Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Bakıtcan Muhamedjanov'un yanı sıra, turnuvaya iştirak eden takımların antrenörleri ve futbolcuları katıldı.

Kapanış programında birer konuşma yapan Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ile Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Bakıtcan Muhamedjanov, tüm katılımcılara teşekkürlerini ileterek turnuvada dereceye girenleri tebrik ettiler.

Turnuva, ödül takdimi ve hatıra fotoğrafı çekimi ile tamamlandı.



Dîvân-ı Hikmet Sohbetleri kitabı yayımlandı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından Prof. Dr. Zülfikar Güngör'ün editörlüğünü yaptığı "Dîvân-ı Hikmet Sohbetleri" başlıklı eser yayımlandı.

Birleşmiş Milletler Eğitim, Bilim ve Kültür Teşkilatı (UNESCO) Hoca Ahmet Yesevi'nin vafatının 850. yıldönümü vesilesiyle 2016-2017 sezonu "Hoca Ahmet Yesevi Yılı" olarak ilan edildi.

Yıl içerisinde Hoca Ahmet Yesevi adına düzenlediğimiz ve Ahmet Yesevi'nin hikmetlerinin daha iyi anlaşılması için "Dîvân-ı Hikmet Sohbetleri" programları düzenlendi. 2016 yılı Ocak ayında başlanan ve bu programların ilkine Cumhurbaşkanlığı

Genel Sekreter Yardımcısı ve Sözcüsü Üniversitemiz Mütevelli Heyet Üyesi Büyükelçi Sayın Doç. Dr. İbrahim Kalın konuşmacı olarak davet edildi.

Bu kitapta, Dîvân-ı Hikmet Sohbetleri programına konuşmacı olarak katılan Doç. Dr. İbrahim Kalın, Prof. Dr. Mahmud Erol Kılıç, Beşir Ayvazoğlu, Prof. Dr. İhsan Fazlıoğlu, Prof. Dr. Mustafa Kara, Yrd. Doç. Dr. Mustafa Tatcı, Prof. Dr. Bilal Kemikli ve Prof. Dr. Mehmet Demirci, Dr. Hayati Bice, Prof. Dr. Zülfikar Güngör, Prof. Dr. Mehmet Akkuş, Prof. Dr. Süleyman Uludağ, Prof. Dr. Ali Yılmaz, Prof. Dr. Necdet Tosun, Prof. Dr. Bayram Ali Çetinkaya ve Prof. Dr. Cengiz Gündoğdu'nun konuşmalarına yer verilmiştir.

"EĞİTİMDİR Kİ BİR MİLLETİ YA HÜR, BAĞIMSIZ, ŞANLI, YÜKSEK BİR TOPLULUK HALİNDE YAŞATIR..."

Merhaba hocam. Hoş geldiniz! İlk önce sizi tanıyalım. Fatih TÜRKMEN kimdir?

Adım Fatih TÜRKMEN. Lisans, yüksek lisans ve doktora eğitimimi turizm işletmecliliği alanında tamamladım. 2006 yılında ilk olarak öğretim görevlisi olarak başladığım üniversitedeki görevime, 2013 yılından itibaren Karabük Üniversitesi Safranbolu Turizm Fakültesinde Yardımcı Doçent Doktor olarak devam etmekteyim.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi ile nasıl tanıştınız?

2016 yılında Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Sosyal Bilimler Fakültesi İşletme ve Turizm Bölümü'ne görevlendirme ile geldim ve çalışmalarına son iki yıldır burada devam etmekteyim. Ayrıca şunu belirtmeliyim ki Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi'nde görev yapmaktan son derece mutluyum. Her akademisyene kismet olmayan ve insanı son derece mutlu eden şeref verici bir makamda bulunmanın sevinci içindeyim. Kazakistan'da son derece güzel dostluklara tanık olmaktadır. Gerek Kazakistan ve gerekse diğer Türk Cumhuriyetlerinden gelen öğrencileri tanıma fırsatı buluyorum. Ayrıca, beraber çalıştığım tüm mesai arkadaşlarım bana karşı çok saygılılar ve görevlerini en güzel şekilde yapmaktadırlar. Bu da bana güven veriyor.

Her akademisyen kendi dalında bilimsel çalışmalar yaparak bilim dünyasına katkı sağlamaktadır. Siz ne tür bilimsel çalışma ve projelere imza attınız?

Turizm alanında 2006 yılından bugüne kadar 4 Avrupa Birliği projesinde eğitimci, 3 Bilimsel Araştırma Projesinin 2'sinde Yürütücü, 1'inde Araştırmacı ve 1 Mater Planı projesinde de Araştırmacı olarak görev yaptım. Bununla birlikte 1 SCI, 2 Scopus endeksli olmak üzere toplam 25 Bilimsel Makale, 12 Uluslararası Kongrede 11 tam metin ile 1 özet metni basılmış bildiri ve 1'i Uluslararası, 3'ü Ulusal olmak üzere 4 kitap bölümü yazdım. Halen hakem sürecinde olan 2 Scopus endeksli toplam 4 makale ve yılsonuna kadar yayına göndermeyi planladığım 2 çalışmam daha bulunmakta. Bu yayınlarımdan 1 SCI, 1 Scopus, 2 Uluslararası alan endeksli makale ve 8 kongrede sunulmuş bildiri Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi kurum adresiyle yayınlanmıştır. Ayrıca Sosyal Bilimler Fakültesi İşletme ve Turizm Bölümü tarafından önerilen ve eyalet valiliği tarafından desteklenen yerel halka



turizm eğitimi verilmesi projesinde de eğitimci olarak görev alarak, kursiyerlerin mutfak ve servis hizmetleri konusunda eğitilmesine katkı sağladım.

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesinde göreve başlayalı bilimsel çalışmalarınızdan biraz bahsedermiziniz?

Şüphesiz üniversiteler araştırma, geliştirme, uygulama ve öğrenme faaliyetlerinin en üst düzeyde olduğu, insanlığa faydalı olmanın temel prensip kabul edildiği kurumlardır ve bu kurumlarda öğrenciler kadar akademisyenlerin de araştırma ve öğrenme sürecine dâhil olmaları gerekmektedir. Bu kapsamda üniversitede görev yapan akademisyenlerin temel görevi sadece derse girmek değil, bunun yanında akademik çalışmalarla araştırma geliştirme faaliyetlerine katkıda bulunmak ve yeni fikirleri çalışma alanına kazandırmak olmalıdır. Bu düşünce ekseninde ve Ata topraklarında görev yapmanın bilinciyle üniversitemizin adını duyurmak da şahsım için büyük bir gurur kaynağı ve motivasyon aracıdır.

Sonuç olarak akademisyenler ile öğrencilere yönelik dileğinizi alabilir miyiz?

Dolayısıyla tüm eğitimcilerin aslında birer öğrenci olduklarını ve öğrenme faaliyetlerinin sürekli yenilenerek, gelişerek devam ettiğini unutmaması gerekir. Sonuç olarak tüm eğitimcilerin temel parolası Mustafa Kemal Atatürk'ün söylediği "Eğitimidir ki bir milleti ya hür, bağımsız, şanlı, yüksek bir topluluk halinde yaşatır; ya da milleti esaret ve sefaletle terk eder." sözü olmalıdır.

Değerli vaktinizi ayırdığınız için teşekkür ederim. Hayatınızda ve bilimsel çalışmalarınızda başarılar dilerim.

Galimcan TACİBAYEV

